

Сримовичті ұсынылып отыр. Құрам мүшелері Тлеспаева С, Бляшова А, Асабаева Б, Кеншбаева А, Рахметова Г, Уразғалиева Ж, Дәулетов Д, Жалғас А. Осы құраммен Қамқоршылық кеңес жұмысын жүйелі ұйымдастыруымыз керек, бұл кеңестің жұмысы үлкен ауқымды жұмыс, мектеппен тығыз байланыста жасауларыңыз қажет деп есептеймін. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығында барлық қағидаттар айтылған. Сонымен қатар біздің мектебімізде әлеуметтік жағдайы жағынан аз қамтылған отбасы балалары өте көп, оның ішінде көп балалы, тұл жетім, жартылай жетім, жадғыз басты ана осы отбасы балаларына материалдық көмек керек, сол уақытта сіздердің де көмектеріңіз керек деп ойлаймын деп өз сөзін аяқтады.

2. **Жаймақов Д.С-кеңес төрағасы-** бірінші мәселе бойынша биылғы оқу жылынан бастап осы қамқоршылық кеңесіне төрағалық қызмет атқарғалы отырмын, қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелді. Біздің осы кеңес мүшесіміз 9 адамнан құралады және өкілетік мерзімі үш жылды құрайды деп бұйрықпен таныстырып талдап өтті.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің жоспарымен таныстырып өтіп бекітуге жолдады.

3 мәселе бойынша Мектептің материалдық базасын күшейту мәселелерін шешу үшін мектеп материалдық техникалық базасымен жалпылама танысып өттім, әлі де алдағы уақытта бірігіп жұмыс жасаймыз, жалпы мектептің екінші қатардағы дәлізін оқушылардың бос уақыттарын үзілісте тиімді пайдалану мақсатында кітап оқып отыратын жұмсақ жиһаздармен жабдықтап шағын бұрыштар жасау қажет, өзін-өзі тану кабинетін талапқа сай жабдықтау қажет, сонымен қатар мектеп дәлізін оқушылардың қызығушылығын арттыратындай бұрыштар, стендтер жасау қажет екен, осы мәселені қолға алоуымыз керек деп нақты айтып өтті.

Сөйлеушілер:

1. **Рахметова Г-кеңес мүшесі-** қамқоршылық кеңесінің бірнеше жылдан бері мүшесі болып келемін, осы аталған мектептің көпшілігі аз қамтылған отбасы балалары, бюджеттен бөлінген қаражат барлығына бірдей жетпейді сондықтан биылғы кеңес

мүшелеріне айтарым оқушыларға материалдық көмек беру жағынан демеушілік жағын жандандыруымыз керек деп биылғы сайланып отырған төрағаға да ұсынысым бар. Биылғы оқу жылында да ұйымшылдықпен жұмыс жасаймыз деп ойлаймын, барлық кеңес мүшелеріне сенім білдірді.

2. **Жалғас А-кеңес мүшесі**-мен қамқоршылық кеңесінде бірінші рет жұмыс жасайын деп отырмын, сіздердің ұсыныс пікірлеріңізді тыңдап отырмын, Гулнар ханымның айтып отырғанына менде қосыламын қазір демеушілік көздері іздесек көп табылады деп ойлаймын, ол үшін ынтымақты бірлікте, шынайы жұмыс жасасақ шешілмейтін мәселе жоқ шешуге болады деп ойлаймын, осы жерде отырған бәрімізде өсіп келе жатқан болашақ осы Қазақстан ұрпағы үшін қызмет жасап отырмыз, сондықтан менде сіздермен ынтымақты жұмыс жасаймын өз ниетін білдірді.
3. **Тлеспәева С-кеңес мүшесі**-мен осы аталған мектепте бірнеше жыл ата-аналар комитетінің төрайымы болып келдім, міне қазіргі уақытта осы қамқоршылық кеңесінің мүшесімін, көтеріп жатырған мәселелер өте орынды шынымен де біздің мектептің көпшілігі аз қамтылған отбасы балалары, бюджетте қаралған қаражат барлығына бірдей жетпейді, демеушілік іздеп балаларымызға көмектесуіміз керек деп ойлаймын. Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша өте орынды айтылды оқушының қызығушылығын артыратындай мектеп дәліздерін безендірсе мен бұл мәселеге қуана қуана келісемін деп өз сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі ұсыныс-пікірлер бойынша алынған қаулы:

1. 2021-2022 оқу жылына мектептің Қамқоршылық кеңесінің құрамын төмендегі құрамда бекітілсін:







1. Жаймаков Д.С-төрағасы
2. Тлеспәева С-мүшесі
3. Даулетов Д.Ж-мүшесі
4. Жалғас А.Ж-мүшесі
5. Кеншбаева А-мүшесі
6. Бляшева А-мүшесі
7. Рахметова Г-мүшесі
8. Уразғалиева Ж-мүшесі
9. Асабаева Б-мүшесі

- 2 Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығындағы көрсетілген ережелерді қаперге алып, кеңес жұмысын жандандыру.
- 3 2020-2021 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жоспары бекітілсін
- 4 Мектептің материалдық базасын күшейту мәселелерін шешу мақсатында мектеп директорымен біріге жұмыс жасау кеңес төрағасы Д.С.Жаймақовқа тапсырылсын.

Отырыс төрағасы:  Жаймақов Д.

Отырыс хатшысы:  Хамзина Б.Б

Отырысқа қатыскандар:

1. Жаймақов Д.С-төрағасы 
2. Тлеспаева С-мүшесі 
3. Даулетов Д.Ж-мүшесі 
4. Жалғас А.Ж-мүшесі 
5. Кеншбаева А-мүшесі 
6. Бляшева А-мүшесі 
7. Рахметова Г-мүшесі 
8. Уразғалиева Ж-мүшесі 
9. Асабаева Б-мүшесі 
10. Г. Куанышқызы-мектеп директорының у.м.а- 
11. Хамзина Б.Б-кеңес хатшысы- 

Жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебі бойынша
2021 жылдың 2 қараша күні қамқоршылық кеңес отырысының

№2 хаттамасы.

Отырыс төрағасы: Жаймақов Д.

Отырыс хатшысы: Хамзина Б.Б

Отырысқа қатысуға тиісті:

1. Жаймақов Д.С-төрағасы
2. Тлеспәева С-мүшесі
3. Жалғас А.Ж-мүшесі
4. Кеншбаева А-мүшесі
5. Рахметова Г-мүшесі
6. Уразғалиева Ж-мүшесі
7. Асабаева Б-мүшесі
8. Хамзина Б.Б-кеңес хатшысы

Қатыспағандар:

1. Даулетов Д.Ж-мүшесі
2. Бляшева А-мүшесі

Отырысқа шақырылғандар:

Жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектеп бос директорлық лауазымына жарияланған конкурс бойынша құжат тапсырған кандидат: Г.Қуанышқызы

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық ұйымдастыру және мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидалары» бұйрығы негізінде жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектеп бойынша бос директорлық лауазымға кандидатты ұсыну.

Тыңдалды:

1. **Жаймақов Д.С-кеңес төрағасы**-Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мәлімдеме жасап, кеңес отырысы мүшелері мен кандидаттыққа үміткерді таныстырды.

-Мектеп директорының бос лауазымдық орнына кандидаттық үміткерлікке Г.Қуанышқызы түсіп отыр.

Қуанышқызы Гулнар 1973 жылы 10 желтоқсанда туылған, жоғары білімді, педагог зерттеуші маман. 1999 жылы Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Педагогикалық өтілі 26 жыл, басқару қызметінде еңбек өтілі -6 жыл. Отбасылы, келін-баласы, немерелері бар. Сотталмаған. 2015-2021 жылдар аралығында А.Чехов атындағы №14 орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған.

Алдымен сөз кезегін кандидатқа ұсынайық,өзінің мектепті дамытуда қандай перспективалық жоспары бар екенін танысып шықсақ:

Сөйлеушілер:

1. Қуанышқызы Гулнар

-Қайырлы күн, құрметті кеңес мүшелері, бүгінгі мектепті дамытудағы перспективалық жоспарымдағы менің алға қойған басты мақсатым білім сапасын жаңғырту жағдайында мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді жетілдіру,білім алушының сапалы білім алуына жағдай жасау,әр білім алушының қабілетін ашуда қолайлы білім беру ортасын құру,мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсетіп, мектеп қоғамдастығында өзара сенім орнатып,ұжымымда мектеп мәдениетілігін қалыптастырып, бірлескен жұмысқа тарту арқылы мектепке оң өзгерістер енгізуді басты назарда ұстап отырмын.

Мектепті дамытуда ең алдымен алдыма мынадай мақсат қойдым: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін білім берудегі көшбасшылық арқылы дамыту, оқушының әлеуетіне сай құндылықтар негізінде оқу мен оқытудың сапалы жүйесін құру.

Іс-әрекетті бастауда зерттеу арқылы оқыту мен оқу тәжірибесін қалай жетілдіруге болады?-деген сауал мені толғандырды. Мектепті қалай дамытамын? Нені өзгерту керек? Қалай өзгертуге болады? –деген нақты сауалдармен қадамдар жасай отырып мектепті дамытудың болжамды нұсқасын дайындадым.Ол үшін ең алдымен мектепті дамытуды негізгі төрт кезеңнен бастауды негіздеймін:

-Оқыту мен оқуға жетекшілік ету-бұл жерде ең басты индикатор-білім алушы болғандықтан,білім алушының сапалы білім алуына жағдай жасауда мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігін бақылауды басты назарда ұстау

- Өзімнің дамуым және басқаларды дамыту:

-Білім беру жүйесін басқаруда заманауи басшының басқару дағдыларын жетілдіру,көшбасшылық пен бөлінген көшбасшылықты қолдану,мектепішілік менеджмент қағидаттары мен заңдылықтарына негіздеу

- Жетілдіру, инновациялар мен өзгерістерді енгізуге жетекшілік ету:

Бұл орайда, ұжымда коллаборативті орта жасау арқылы педагогтардың өзгеріс үдерісіне қатысуына ықпал ету, оқыту мен оқу үдерісіне инновациялық, әлеуметтік жобаларды енгізу, табысты идеяларды іске асыруда халықаралық тәжірибелерге сілтеме жасау

- Жергілікті қауымды бірлескен жұмысқа тарту:

Мұғалім жауапкершілігі мен жұмысының тиімділігін бақылау

Әрі қарай үміткер Г.Қуанышқызы мектепті дамытуда жеті кадамның негізгі іс-әрекетін жоспарлы таныстыра отырып, әр жұмыстың бес жылдық болжамды нәтижелерін белгілі бір уақыт негізінде жоспарлау, ұйымдастыру, іс-әрекетті үйлестіру, ынталандыру және бақылау арқылы нәтижеге жету көрсеткіштерін нақты қол жеткізетін белгілі бір уақыт аралығында орындауды сапамен байланыстырып таныстырып шықты. SMART максатқа негізделген перспективалық жоспарының жаңа форматымен таныстырды.

Барлық кеңес мүшелері үміткер Г.Қуанышқызының баяндаған мектептің даму жоспарына өте жоғары деп бағалады.






Шешім :

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жалпы білім беретін №6 М.Мөңкеұлы атындағы орта мектептің бос директорлық лауазымына қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір ауыздан дауыс басымдығымен үміткер Гулнар Қуанышқызының перспективалық даму жоспары қанағаттандырылып, кандидатқа ұсынылды.

Отырыс төрағасы:  **Жаймақов Д.**

Отырыс хатшысы:  **Хамзина Б.Б**

Отырысқа қатыскандар:

1. Жаймақов Д.С-төрағасы
2. Тлеспаева С-мүшесі 
3. Жалғас А.Ж-мүшесі 
4. Кеншбаева А-мүшесі 
5. Рахметова Г-мүшесі 
6. Уразғалиева Ж-мүшесі 
7. Асабаева Б-мүшесі 
9. Хамзина Б.Б-кеңес хатшысы 